



# ШӘКӘРІМНІҢ

*әдеби мұрасын  
зерттеудің мәселелері*

THE PROBLEMS OF RESEARCHING  
OF SHAKARIM'S LITERARY HERITAGE

Ғылыми мақалалар жинағы



## МАЗМҰНЫ

Алғысөз .....	3
<i>Derin F. Origins of Love Story of Leyla and Mehinun .....</i>	6
<i>Madiyeva K.K., Rozueva D., Muslim attitudes in Kudaiberdili's</i>	
<i>Eros .....</i>	33
<i>Madiyeva K.K., Rozueva D. Құдайбердіұлы дастандарындағы</i>	
<i>мұсылманшылық ұстанымдар .....</i>	43
<i>Solimanaeva E. The textual analysis of Shakerim's poem «Leyla and</i>	
<i>Mezhnun» .....</i>	55
<i>Soltanayeva E.M. Шәкерімнің «Лейлі-Мәжнүн» шығармасының</i>	
<i>мәтіндеріне текстологиялық талдау .....</i>	62
<i>Askarova A. National and Public Problems in Shakerim's</i>	
<i>Creaitivitu .....</i>	70
<i>Daribaidiyu S. Conclusions About Nature of the Universe in Shakerim's</i>	
<i>Verses .....</i>	85
<i>Дарібәйдіұлы С. Шәкерім өлеңдеріндегі ғалам жаратылысы</i>	
<i>туралы тұжырымдар .....</i>	90
<i>Madiyeva K.K., Bekirganova G.Z., Zhitabekova M.A. The Methods</i>	
<i>of Cultural and Aesthetic Features of the Reception of Russian Classics</i>	
<i>in the Heritage of Shakerim .....</i>	96
<i>Madiyeva K.K., Bekirganova F.Z., Zhitabekova M.A. Культурно-</i>	
<i>эстетические особенности реценции русской классики в наследии</i>	
<i>акына Шакарима .....</i>	102
<i>Shortandiyev Sh. A. Structural Features of Shakerim's Prose .....</i>	108
<i>Шортандиәев Ш.А. Шәкерім прозасының құрылымдық</i>	
<i>ерекшелігі .....</i>	113
<i>Madiyeva K.K., Osranova G. Shakerim's thoughts about Kazakh</i>	
<i>Poems .....</i>	120
<i>Madiyeva K.K., Osranova G.T. Шәкерімнің қазақ өлеңі туралы</i>	
<i>қайсыбір пікірлері .....</i>	126
<i>Жеңісқызы Ш. Ш. Құдайбердіұлы «Мұсылмандық шарты»</i>	
<i>енбегі мен Ы. Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы»</i>	
<i>енбегін мазмұндық-мағыналық тұрғыдан салыстыру .....</i>	133
<i>Үкібаева М. Шәкерім шығармашылығындағы дін тақырыбы .....</i>	145
<i>Жеңісқызы Ш. Ш. Құдайбердіұлының ой-толғамдары .....</i>	151

### STRUCTURAL FEATURES OF SHAKARIM'S PROSE

One of the features of the Kazakh literature of the early twentieth century – the emergence and formation of new genres, the variety of creative searches. Artistic – aesthetic searches made their contributions to the birth of the Kazakh prose.

Shakarim is one of the most significant figures in the prose. Shakarim wrote their works in such genres as the novel, essay, articles, historical – philosophical treatises.

The works of Shakarim in the early twentieth century made great contribution to the development of national prose. Especially novel "Adil Maria" has enriched the artistic genre of novels.

One of the areas of Shakarim's heritage – its historical, philosophical works in the form of treatises. Shakarim's works "Ush anyk", "Tyrik, kyryz, Kazakh hem Handar shezhiresi" which at one time influenced by his teacher Abai show the versatility of his knowledge. Shakarim Kudayberdyuly one of those writers who have contributed to the genre, the artistic development of the Kazakh prose of the early twentieth century. Like his contemporaries, he wrote works in different genres. Select different theme. But Shakarim's prose has its own characteristics. For example, the author of the first Kazakh novel Mirzhakip Dulatov was at the forefront of social prose, Shakarim wrote philosophical and psychological themes.

One of the major works of Shakarim Kudayberdyuly in the early twentieth century is novel "Adil Maria." According to reports the novel was written in 1925. At that time, it has not been published. This work was published in the Collection in 1988, after the name of Shakarim and literary heritage was justified.

The most significant poetic work – the novel "Adil Maria." This work combines different characters and the novel is built on the vital struggle. Although there rises a problem of injustice against women, but in this novel Shakarim develop story in their own , come to a unique conclusion.

Usually in this type of novels main characters are formed by a pair of love. But many factors do not allow them to be happy. She's engaged, but the groom don't match for the girl.

Girl can not go against her mother, tradition and marry as the second wife of a man who does not love him. After that author describes the tragedy of lovers. This storyline is preserved in the works Sultanmakmut, Spandiyara Kobaeva, T.Zhomartbaeva, M. Dulatova and other writers.

"Adil Maria" is the novel which was written for the needs of his time and has the ideological, social, artistic and aesthetic ideas. At this time in the literature in the first place was the problem of man, his life, social and spiritual freedom, a rule in society. Not to mention the other genres, almost all Kazakh novels of the early twentieth century were about the topics above. Starting with "Bakytсыz Jamal" novels "Kyz korelik", "Myhly Maryam", "Kalyh mal", "Kamar Sulu", "Kim zhazykty?", "Adil Maria" were about human freedom in the Kazakh society [1, 119 p.].

In the novel Shakarim describes the history that takes place in the Kazakh village located in the mountainside Shyngystau.

But the main idea of the writer is not to describe the tragic state of the lovers in a narrative form. Authorial goal of Shakarima – to make a portrait of the era, describe the philosophy and psychology of the historical epoch. Writer "by analyzing the key drivers of events determines the logical and psychological evidence of what is happening [2, 70-71 p.]..

"If we talk that the creation of deep thoughts of life events Shakarim' philosophical feature, the author in this novel could give an example of philosophical prose" In the novel events complement each other One of them -.. Tragic story of love, the second – the author of which is going into all sides of the story make philosophical conclusions about the immortality of nature[3, 69 p.]. All these thoughts writer describes using psychological analysis. Shakarim opens characters, psychological state of the characters. In general, from the beginning to the end of the novel the life of man and nature takes place in parallel. To convey to the reader the inner, psychological state Shyngystau helps Shakarim. Not only Shyngystau, but in the novel a lot of points in space that are closely related to each other. Details of the novel where the mountains and rocks are described as living can be an example of such animations of nature [4, 237 p.]..

These features play a significant role in the discovery of nature of the characters. The author gives an example of this psychological

parallelism. The philosopher Shakarim Looking mental findings in the unity of man and nature.

Shakarim talking heart to heart with the witness of the events Shyngystau prepares the reader for the tragic history and gives a description of the life of Kazakh villages in 1910-1911. The main story – the story of a loving couple. All events, community psychology, people's attitudes, social structure and changes in the lives of ordinary people of the time flows smoothly along with the story of Maria and Adil.

At the beginning of the novel, we find ourselves in a Kazakh village, where life is in full swing. People are glad spring. Among them are our main characters, Adil and Mary too. The action of the novel and feelings combined with the concepts of time and space, and they are closely related. At first glance, the structure and method description changed can see the artistic character that is usually found in dramatic works. The dialogues in the novel are very close to the shape of the play, and the events are narrated separately and in order. As a scientist B.Maytanov says "The narrative structure of" Adil Maria "has two special features, the first – the role of landscape in the composition system, the second – a dialogue are close to the form of the play. And in fact, it describes the events of the novel combining of these two features [5, 24p.]. Adil and Mary – not only internally and externally beautiful, but also committed to each-other. They fight for justice until the death. And thanks to the courage and resilience they live together and have a child.

But the psychology of that time did not appreciate such devotion and honesty. In the works of Shakarim speaking about characters we can not say that one character is completely good or bad. Look at Kokenay in "Kalkaman -Mamyre" who killed his sister and substitutes guy Kabeko in "Enlik – Québec". Ysen in "Adil Maria" is exactly the same. Shakarim describes their true human form. But it is not naturalistic description. We can not say at Usen no sense of kindness to his sister.

Shakarim with each story wants to keep certain thoughts to the reader. The events in the novel take place in parallel with the Shakarim's philosophical thoughts about life, feelings and youth. Therefore, "it is impossible to read novels Shakarima just because of the history that happen in them, there is need a look of thinker. You must be able to discern the philosophical thoughts and conclusions in the novel. " [ 5, 215 p.]

Philosophical reflection in the "Adil Maria" are very different. And in the description of their author uses artistic techniques. In the novel Shyngystau sometimes described as animated and lively, and sometimes it looks like the author himself. In some places, the author of the novel uses internal reflection to convey the complexity of the character's situations. Monologue of Adil in difficult situations well give the whole nature of his condition.

The plot of work describes the events that occur throughout the year, and the time of the events is given accurately and clearly.

In the description of places where the history of the nove takes place the author gives a great picture of nature. The main point is – Shyngystau! Kazakh villages.

The picture of nature created by Shakarim is very closely combined with the history and people and like a blur border merger of man and nature. This shows the richness of the language and the great writing skills of Shakarim. At the end of the novel Erkinbek who came to lead Maria by force was killed, the psychology of the tragic situation causes tremors. By Erkinbek's death author wants to say that evil never goes unpunished. History Adil and Mary happens at the time when the injustice of the powerful made weak's life unbearable.

Torebekov, Erkinbek are examples of people who started feeling impunity to do whatever they want. Philosophical thoughts and reflections in the novel is sometimes given by the name of Shyngystau and sometimes Shakarim gives his conclusions about what is happening. We can not say that "Adil Maria" just a tragic story of two lovers. If in the novels of that time women's inequality, the tragic history of the lovers were in first place, Shakarim approach to this problem from the point of view of the psychology of social life. It describes the battle of two different forces. On the one hand, the purity and fragility of the senses, on the other hand the power of the authorities. And in the end according to that time wins the second. The purpose of the author – to describe the action of young couple who fought against injustice.

Before Shakarim stand the idea of privacy, "pure mind", "honor", "honest people" of which he had dreamed and all the events of life he tried to explain from this position. Certainly the novel "Adil Maria" and all the creative heritage of Shakarim play an important role in the

formation of the Kazakh prose. They combine the strength of realism and ideal content gives a lot of philosophical ideas. All genres of prose in which Shakarim wrote we can feel humanistic context.

#### List of literature:

1. Елеуєнов Ш. Казахский роман и современность. – Алма-Ата: Жазушы, 1968. – 219 с.
2. Мамраев Б. Основные тенденции развития казахской литературы первой четверти XX века. – Алматы: Ғылым, 1998. – 262 с.
3. Дәлебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Ғылым, 1991. – 208 б.
4. Бисенғали З. XX ғасыр басындағы қазақ романы. – Алматы: Өлке, 1997. – 268 б.
5. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 336 б.

## ШӘКӘРІМ ПРОЗАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің даму ерекшеліктерінің бірі – жаңа жанрлардың пайда болуы мен қалыптасып, орнығуы, әрауан сипаттағы шығармашылық ізденістердің молдығы еді. Көркемдік-эстетикалық ізденістердің қай-қайсысы да шын мәніндегі қазақ прозасының тууына қызмет етті.

Шәкәрімнің көркем проза саласындағы еңбегі аса салмақты. Ойшыл қаламгер прозаның роман, әңгіме, эссе, мақала, тарихи-философиялық трактат сынды бірқатар жанрларында қалам тербеді.

Көркем проза үлгісіндегі Шәкәрімнің шығармалары XX ғасырдың басындағы ұлттық прозаға өз үлесін қосып қана қойған жоқ, оның орнығып, ілгерілеуіне елеулі ықпал жасады. Әсіресе, жазушының "Әділ-Мария" романы қазақ топырағында жаңа қалыптасып келе жатқан көркем роман дәстүрін көркемдік мазмұнмен байыта түсті.

Шәкәрімнің мұрасының тағы бір саласы – оның тарихи, философиялық сипатта жазған трактат үлгісіндегі туындылары. Кезінде ұлы Абай ұстазының ақыл-кеңесімен дүниеге келген "Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі", "Үш анық" секілді еңбектері Шәкәрімнің жан-жақты білімдарлығын дәлелдейтін дүниелер.

XX ғасыр басындағы қазақ прозасының қалыптасуы мен оның жанрлық, стильдік, көркемдік тұрғыдан нығаюына, рухани әлемімізден өз орнынтауып орнығуына үлес қосқан қаламгерлердің бірі Шәкәрім Құдайбердіұлы болды. Өз тұстастары секілді ол да прозаның әр саласында қалам тербеді. Түрлі тақырыптарға барды. Дегенмен, Шәкәрімнің прозасы ешкімге ұқсамайтын айрықша қасиетке бай болды. Мәселен, тұңғыш қазақ романының авторы Міржақып Дулагов әлеуметтік прозаның бастауында тұрса, Шәкәрімнің прозалық шығармаларында философиялық-психологиялық сипат басым жатты.

Жиырмамыншы ғасырдың басындағы жанрлық, көркемдік ізденістердің нәтижесінде туған шығармалардың бірі Шәкәрім

Құдайбердіұлының "Әділ-Мария" романы болды. Қолда бар деректерге сүйенсек, роман 1925 жылы жазылған. Кезінде басыла бегін көрмеген. Шәкәрімнің есімі мен әдеби мұрасы әбден ақталғаннан кейін ғана 1988 жылы ақын шығармаларының жинағында жарияланды.

Прозалық шығармаларының ішіндегі ең көлемдісі әрі көркемі – «Әділ-Мария» романы. Шынайы көркем кара сөз үлгісінде жазылған алғашқы қазақ романдарының қатарынан орын алатын бұл туынды – әрқилы характерлер тоғысқан, өмірлік тартысқа құрылған шығарма. XX ғасырдың басындағы әдебиетте жиі көтерілген әйел теңдігі тақырыбына арналғанмен, бұл романда Шәкәрім оқиға желісін өзінше өрбітеді, өзгеше шешімге жүгінеді.

Әдетте бұл тақырыптағы романдарда бас кейіпкер ретінде біріне-бірі ғашық ақылды да білімді қыз бен жігіт жүреді. Бірақ олардың бас қосып, бақытты ғұмыр кешулеріне кедергі көп, мүмкіндік жоқ. Қыз әлдекімге айтырылған, болашақ жары оған тең емес болып келеді. Қыз болса ата-анасының шешіміне, әдет-ғұрып заңдарына қарсы тұруға дәрменсіз күйде тоқалдыққа немесе өзі сүймеген біреуге ұзатылып кетеді. Бұдан соң ғашық болған мұңлықтардың трагедиялық тағдыры суреттеледі. Сұлтанмахмұттың, Спандияр Көбеевтің, Т. Жомартбаевтың, М. Дулатовтың, т.б. жазушылардың шығармаларында осы сюжеттік желі сақталады.

"Әділ-Мария" өз заманының идеялық, әлеуметтік, көркемдік-эстетикалық жүгін көтерген, сол дәуірдің рухани қажетінен туған роман болды. Бұл кезеңдегі әдебиетте адам мәселесі, оның тыныс-тіршілігі, ой-санасы, әлеуметтік-рухани бостандығы, қоғамдағы орны деген тәрізді проблемалар бірінші кезекке шықты. Басқа жанрды былай қойғанда, XX ғасырдың басында тұңғыш рет дүниеге келген, алғашқы қадамдарын жасаған қазақ романдарының барлығы осы адам мәселесі төңірегіндегі тақырыпты қозғайды. "Бақытсыз Жамалдан" бастап, "Қыз көрелік", "Мұңлы Мариям", "Қалың мал", "Қамар сұлу", "Кім жазықты?", "Әділ-Мария" романдарының қай-қайсысы да қазақ қоғамындағы адамның бостандығы, еріктілігі мәселесін көтереді [1, 119 б.].

Шәкәрімнің романында Шыңғыстаудың бөктеріндегі қазақ ауылында өткен бір оқиға суреттеледі. Бірақ ойшыл қаламгердің басты мақсаты болған оқиғаны баяндау, трагедиялық халге

ұшыраған ғашық жастардың қайғысын оқырман жүрегіне хабар түрінде жеткізу емес. Шәкәрімнің авторлық нысанасы – заман портретін жасау, тарихи дәуірдің философиясы мен психологиясын сомдау. Қашанда қаламгер "...оқиғаның болған жағдайын, оның басты қозғаушы күштерін саралап талдай отырып, соның бәрінің логикалық және психологиялық дәлелін, жүйесін көр-кемдік заңдылықтарына орай анықтайды" [2, 70-71 б.].

Өмір құбылыстарының әрбір ұшқынынан атан түйенің жүгіндей ауыр ой түйіп отыру – философ Шәкәрімнің шығармашылық қолтаңбасына тән ерекшелік десек, автор бұл романында да өзінің шағын прозалық туындыларындағы секілді философиялық прозаның үлгісін таныта білді дер едік. "Шығарма құрылымында бірін-бірі толықтырып, қатар өрілетін екі өрім бар. Бірі – трагедияға ұшыраған жастар өмірі, тағдыр тарихы да. екіншісі – сол тарихтың әр тұсына үніле қарап, мәңгі өмір, табиғат туралы толғаныста отырған автор" [3, 69 б.]. Сол толғаныстардың бәрін жазушы адамдар арасындағы тартысты бейнелеу барысында түрлі психологиялық талдауларға жүгіне отырып, мейлінше көркем жеткізеді. Шәкәрім осы талдаулар барысында өз кейіпкерлерінің характерлерін, психологиялық ахуалын аша түседі. Жалпы романдағы автор қолданған көркемдеу тәсілдері де оқшау, өзгеше.

Тұтастай алғанда, романның басынан аяғына дейін адам мен табиғат тынысы қатар өріліп отырады. Кейіпкердің ішкі сезімін, психологиялық күйін, күйінші-сүйіншінін жеткізуде де Шәкәрімге Шыңғыстау көмекке келеді. Жалғыз Шыңғыстау емес, романда жанды кейіпке көшіп, өзара "сырласып" жататын басқа да кеңістік нүктелері жоқ емес. Көктемнің масатыдай жайнаған жайлауынан ірге көтерген елдің артында қалып бара жатқан "Көксенгір, Шақпақ, Ақшатаулар өкпелеп, наз қылған әйел пішінденіп, мұнартып, мұңайып: "Қап! Бізді тастап барғандығыңды да көрерміз" дегені немесе "Терең асуда келе жатқан көшке екі жақтағы қабағын түйген қара жартасың "бәлем, үстіңе құлап, талқаныңды шығарайын ба?" деп тұрғандай" болуы осындай де-талдар қатарында [4, 237 б.].

Мұндай көркемдік тәсіл романдағы кейіпкерлер характерлерін асуда орасан зор қызмет атқарып тұр. Автор осы арқылы психологиялық параллелизмнің небір үлгісін жасайды. Философ

Шәкәрім өзінің түйінді тұжырымдарын да адам мен табиғаттың бірлігінен іздейді.

Шәкәрім тарихтың көнекөз куәгері Шыңғыстаумен сырласу арқылы оқырманға алдағы қайғылы оқиға барысына даярлай отырып, 1910-1911 жылдардағы қазақ ауылында болған өмір шындығына алып келеді. Басты оқиға – ғашық жастар хикаясы. Сол кезеңдегі тарихи шындық, адамдар арасындағы қарым-қатынас, әлеуметтік психология, қоғамдық құрылым заңдылықтары мен олардың адамдар тіршілігіне әкелген өзгерістері туралы толғамдардың бәрі шығарманың бас қаһармандары Әділ мен Марияның басындағы оқиғаларға қатысты өріліп отырады.

Роман басталғаннан-ақ табиғаттың әсем бір кезіндегі қазақ ауылының қарбалас тіршілігіне тап боламыз. Шынайы ауыл суреті. Қыстың қытымыр қыспағынан босап, көңілдері май айының жайдары мейірімінен жадыраған, қуаныш құшағындағы мөре-сөре ауыл адамдарына жолығамыз. Олардың арасында Әділ мен Мария да жүр. Жаратылыстың тамаша көріністері олардың көңілдегі пәктік пен алаңсыздықтан хабар бергендей.

Міне, роман оқиғасына араласатын кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен сезім, толғамдары уақыт пен кеңістік ұғымдарымен осылайша тікелей қатынаста өрбіп отырады. Бір караганда, романның жалпы құрылымы мен баяндау тәсілінен драмалық шығармаларға тән көркемдік сипат аңғарылғандай. Түрлі психологиялық талдау тәсілдері арқылы тағдырлар арасындағы тартыстың ширығу драмасын былай қойғанда, романда диалогтың өзін пьеса формасына жақындата қолдану және оқиға сахнасын бөлек-бөлек көріністер түрінде кезектестіріп әңгімелеп отыру сипаты айқын сезіледі. "Көркемдік баяндау құрылымы жағынан "Әділ-Марияның" екі түрлі өзгешелігі айдай анық – дейді ғалым Б.Майтанов. – Бірі – композициялық жүйедегі пейзаж қызметінің ауқымды, екінші – диалог формасын пьеса үлгісіндегідей алу. Диалогта оқиға дамыту рәсімінен, кейбір мінездер сырынан мол хабар болса, табиғат дидары жазушының көкейкесті эмоционалдық әсері мен жан толғаныстарын қоса ашатын психологиялық бейнелеу тәсіліне айналады" [5, 246.]. Шындығында да, шығарма оқиғасының бүкіл кезеңдері осы екі сипаттың сабақтасып отыруы арқылы беріледі.

Әділге де, Марияға да тән қасиет – сыртқы келбеті мен ішкі жан дүниесінің сұлулығы ғана емес, бір-біріне деген адалдығы мен қиындыққа қарсы тұра білер қайсарлығы, әр намысы. Көз

жұмар сәттеріне дейін олар әділеттілік, адалдық үшін күреседі. Сол қайсар намыстың, күрескерліктің нәтижесінде олар "Қамар сұлудағы" Қамар мен Ахметтің күйін кешпейді, аз уақыт болса түгін түтетіп, сәби сүйеді. Әйтсе де өздері өмір сүріп отырған уақыт психологиясы олардың жүрегіндегі осындай кіршіксіз адалдықпен үндесе бермейтін еді.

Шәкәрімнің кандай шығармасында болсын, сомдалған образдардың тұтас қалпында оларды бірыңғай жағымды немесе жағымсыз деп бағалауға келе бермейтін ерекшеліктер көп ұшырасады. "Қалқаман-Мамырдағы" қарындасын өлтіріп, жігітті оққа байлайтын Көкенайды, "Еңлік-Кебектегі" Қабекенді алыңыз. "Әділ-Мариядағы" Үсен де сондай. Шәкәрім олардың қай-қайсысын да шынайы адами қалыпта суреттейді. Бары бар, жоғы жоқ. Бірақ натуралистік бейнелеу емес. Үсеннің бойында қарындасына деген мейрім мүлде жоқ деуге болмайды.

Шәкәрімде әрбір оқиғаға, әр образға тәптіштеп баға беру, тұжырым жасау жоқ. Романдағы әр оқиғаның оқырманға өзінше ой тастауын көздейді. Шығармада сомдалған характерлердің тағдыры, олардың басынан өтіп жатқан шытырман шиеленістер Шәкәрімнің фәни дүниенің жалғандығы, адам сезімі мен жастық шақтың тамаша көркі туралы философиялық толғаныстарымен қатар өріліп отырады. Сол себепті де, Шәкәрімнің "...романын сюжет, уақиға қуа оқу жеткіліксіз, ол үшін оқырманға ойлы көзқарас керек. Роман уақиғасына ғана емес, оның мағыналық, көркем мазмұндық астарындағы ой толғаныстарға үңілу қажет" [5, 215 б.].

"Әділ-Мария" романындағы философиялық толғаныстардың сыр-сипаты аралуан. Оны беруде автор әртүрлі көркемдік тәсілдерге барады. Шәкәрім бейнеленген Шыңғыстау кейде жанды құбылысқа айналып, динамикалық қалыпқа көшсе, кей тұста автордың өзінің кейпіне кіргендей әсер береді. Енді бірде кейіпкер басындағы ахуалдың табиғатын, жан дүниесіндегі өзгеріс-құбылыстарды жеткізу үшін жазушы психологиялық талдау тәсілдерінің бірі – ішкі ой толғаққа жүгінеді. Басына жазықсыздан іс түсіп, қиналған сәттеріндегі Әділдің ауызынан шығатын осындай монологтар характер сипатын ашумен қатар, шығарманың көркемдік шырайын, ондағы ширыққан тартыс драмасын бейнелей жеткізеді.

Роман оқиғасы өтетін өмір сахнасының уақыт пен кеңістіктегі өлшемдері шектеулі әрі нақты. Шығарма сюжеті бір жыл аралы-

ғындағы жайларды қамтыса, ондағы әрбір оқиғаның, дәлірек айтқанда, көшіп-кону, қалыңдық ойнау, тағы басқалар сияқты әрекеттердің болған мезгілі дәл көрсетіліп отырады.

Оқиғаның мекендік өлшемдерін беруде Шәкәрім суреткерлік шеберлік танытады. Кеністіктегі негізгі нүкте – Шыңғыстау! Қатар қонған қарапайым қазақ ауылдары. Ауыл суреті пейзаждық көріністермен астаса келіп, шынайы көркем картинаға айналады.

Шәкәрімнің кең палитралы қаламының құдіретінен туған табиғат көріністері, пейзаждық картиналар осылайша кейіпкерлер тағдырымен жымдасып, адам мен табиғат арасындағы тамырластықтың ара жігін мүлде жойып жібергендей болады. Бейнелі теңеулер, кестелі тіл арқылы өрнектелген осынау көркем тұтастық прозашы Шәкәрімнің қолтаңбасындағы айрықша қуатты танытса керек.

Шығарманың финалында Марияны зорлықпен алып кетуге келген Еркімбектің қолынан Әділ мен Мария қаза табатын тұстағы қайғылы психологияны да Шәкәрім табиғаттың келбетіндегі жекелеген көрініс бояулары арқылы жүректі дір еткізетіндей суретпен жеткізеді.

Сонғы арпалыс үстінде Еркімбектің көзіне қанжар тиеді. Осы арқылы автор жер бетіндегі зулымдық, қатыгездік атаулының түптің түбінде жазасыз кетпейтінін тұспалдаса керек. Заман шындығы Шәкәрімге осындай ой түйгізеді. Әділ мен Марияның оқиғасы өткен дәуір әлдінің әлсізге қиянаты өршіп тұрған кезең еді. Патша отаршыларының айтақтауымен өзінің айналасын талап жеп отырған Төребек, Еркімбектер анау! Дәурен соларда, мал да, күш те солардікі! Еркімбек сияқтылар халықтың салтында жоқ бейбастақтыққа барады, біреудің бақытты некесін бұзады, от басын ойрандап, жазықсыз сәбиді жетім қалдырады.

Шығарманың өне бойында Шәкәрімнің өмір туралы, фәни дүниенің өткіншілігі, тағдырдың құбылмалылығы жайындағы философиялық толғаныстары өзек болып тартылған. Ондай толғаныстар бірде Шыңғыстаудың атынан баяндалса, енді бірде Шыңғыстауға, жерге, суға, өгіп жатқан уақыт керуеніне қарап Шәкәрімнің өз аузынан ақтарылады.

Атап айтқанда, "Әділ-Мария" романын біріне бірі ғашық болып қосылған, сол жолда опат болған махаббат мұңлықтарының хикаясы ғана деуге болмайды. Сол тұстағы көп романдарда әйел теңсіздігі, махаббат зары бірінші кезекте көрсетіліп жат-

са, Шәкәрім бұл мәселеге әлеуметтік өмір психологиясының тұрғысынан көз жібереді. Екі түрлі күштің күресін бейнелейді. Оның бір басында адам сезімінің пәктігі мен нәзіктігі жатса, екінші басында билік өктемдігі тұрды. Текетірес барысында заманына сай екінші күш жеңіске жетеді. Сол себепті де Шәкәрім ғашықтар басындағы қайғылы жағдайға байланысты еглемейді. Оның мақсаты – өмірдегі әділетсіздікке қарсы күрескен жастардың әрекетін баяндау. Және де ол әлеуметтік өмір шындығын жекелеген деректер арқылы, ғашықтардың қосылуы немесе қайғылы өлімі сияқты оқиғалық эпизодтарды құр бейнелеу арқылы жеткізуге де тырыспайды.

Шәкәрімнің алдында өмір бойы армандаған әділетті өмір идеясы, "таза адам", "таза ақыл", "ұждан" ұғымдары тұрды және өмірде болып жатқан құбылыстар мен оқиғалардың мәнін ол осы ұғымдар тұрғысынан түсінуге және түсіндіруге ұмтылды.

Шәкәрімнің "Әділ-Мария" романының, қала берді оның тұтастай прозалық мұрасының осынау үрдісті үлкен айдына алып баратын нәрілі салалардың бірі екендігі даусыз. Шәкәрімнің прозалық шығармалары өзінің бойына реалистік дәстүрдің қуатын сіңірген, ал идеялық мазмұны жағынан олар ағартушылар туындыларының қатарынан орын алмақ. Шәкәрім қалам тербеген прозаның барлық жанрларында гуманистік мән-мағына ұдайы сезіліп тұрады.

#### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Елеукенов Ш. Казахский роман и современность. – Алма-Ата: Жазушы, 1968. – 219 с.
2. Мамраев Б. Основные тенденции развития казахской литературы первой четверти XX века. – Алматы: Ғылым, 1998. – 262 с.
3. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Ғылым, 1991. – 208 б.
4. Бисенғали З. XX ғасыр басындағы казак романы. – Алматы: Өлке, 1997. – 268 б.
5. Майтанов Б. Қазак романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 336 б.